Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

5-ТАҚЫРЫП: Әлеуметтік педагогиканың ғылыми пән ретіндегі құрылымы: іргелі және қолданбалы бөлімдері, ғылыми-эмпирикалық, пәнаралық, кешендік салалары, ғылыми бағыттары, ағымдары және мектептері

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
ДҮЙСЕНБАЕВ АБАЙ ҚАБАҚБАЙҰЛЫ

Дәріс жоспары

1. Әлеуметтік педагогиканың ғылыми пән ретіндегі құрылымы: іргелі және қолданбалы бөлімдері
2. Ғылыми-эмпирикалық, пәнаралық, кешендік салалары, ғылыми бағыттары, ағымдары және мектептері

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

жеке тұлға | әлеуметтендіру | фактор | адам капиталы | қалыптасу | қозғаушы күштер | тұлға қалыптасуының заңдылықтары

Басқа пәндермен байланысы



Жеке тұлғалық-әлеуметтік тәсілдеме

П.А. Соколов (1876 ж. т.): *адам қоғамға қабылдануы және өзін тұлға ретінде қалыптастыруы үшін тәрбиеленеді*

Қоғам	Тәрбие бағыты	Нормативтік негізі	Ерекшелігі
адамгершілік нормалары мен ережелерімен реттеледі	өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу	тәрбиеленушінің өмір сүру ортасы	тәрбиеленушінің өзгешелігі

ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАР МЕН АҒЫМДАР

И.Г. Фихте: ұлттық тәрбие идеясы

Иоганн Готлиб Фихте (1762–1814) – неміс философы және педагогы, ұлттық тәрбие идеяларының негізін салушы

Өз халқына сену, ұлтына деген сүйіспеншілік → **барлық ұлы істердің ұйытқысы**

НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ

Өзегі	Ұлттық фактор	Мазмұны
тәрбие жұмысының өзегі мен тірегі – ұлттық тәрбие	тәрбие қызметінің әлеуметтік факторы	ұлтты сүюге, оған және оның тарихына сенімге тәрбиелеу

Қорытынды: тұлғаны жоғары адами қасиеттерге тәрбиелеу ұлттық тәрбиемен сәйкес болуы тиіс

ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАР МЕН АҒЫМДАР

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты

Мақсаты: тұлғаның әлеуметтік тұрғыда қалыптасуына жағдай жасау

ЕСКЕРІЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

тұлғаның өзгешеліктері

мемлекеттің (қоғамның) әлеуметтік мәдениеті

Орта ⟷ **өзара әрекетті үйлестіру** ⟷ **Адам**
жасы мен өзгешеліктері

Басқалардан өзгешелік және орта педагогикасы

Басқалардан өзгешелік
бір адамның басқадан айырмашылығы

- ерік күшінің ерекшеліктері
- жеке мүмкіндіктері (мүмкіндігі шектеулі, ерекше күтімді қажет ететін адамдар)
- қалыптасқан ұстанымдары
- өзіне, өзгелерге, қоршаған ортаға көзқарасы

Орта педагогикасы
әлеуметтік педагогиканың бағыты

әлеуметтік-мәдени ортаның тұлғаға және топқа ықпалын зерделейді

\+
оң салдары

–
теріс салдары

ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАР МЕН АҒЫМДАР

Бекзадалар тәрбиесінен әлеуметтік тәрбие идеясына

Орта ғасыр – XVII ғ.

бекзадалардың тәрбиесі туралы трактаттар

Француз революциясы

үшінші ататектің тәрбиесі туралы шығармалар

И.Г. Фихте және т.б.

социалистік мемлекеттегі тәрбиені суреттеу

Социалистік тәрбие идеясы қайта оянды

ФРАНЦУЗ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ

- М.Ж.А.Н. Кондорсе (1743–1794)
- О.Г.Р. Мирабо (1715–1791)
- Ш.М. Талейран (1754–1838)

Жеке адам және қоғам

Әрбір жеке адам қоғамға тәуелді

Орташа деңгейлі жеке адам да солай:

Қоғам қалай сезінсе, қалай әрекет етсе → **сезінеді** | **ойлайды** | **қылық көрсетеді**

Алайда: адамдардың бәрі бірдей табиғи және тарихи фактордың көзсіз құралы бола бермейді

ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАР МЕН АҒЫМДАР

Бала бойындағы жамандықты жою теориясы

Пайда болуы	Негізгі түсінік
Орта ғасыр аскетизм (тақуалық), пиетизм	адам табиғаты – күнәһар

МӘНІ

Монах-тәрбиешілер тәрбиені бала бойындағы жамандық дәнін жою үшін аяусыз күрес деп түсінді

«Баланды жасынан жазала, сонда қартайғанда жаның тыныш болады»

А.Г. Франке: тәрбиедегі қатаң бақылау

Август Герман Франке (1663–1727) – неміс ғалымы: әрбір бала өзімен күнә мен өлімнің бөлшегін алып жүреді

1. **Ерік**
баланың еркін жаншып, жүрегін ояту

2. **Бақылау**
бала әрқашан тәрбиешінің бақылауында болуы тиіс

3. **Уақыт**
барлық уақыт дінді оқып-үйренуге және дұғаға арналады

4. **Тыйым**
ойындар мен көңіл көтерулерге жол берілмейді

Мақсаты: бала бойындағы жамандық атаулыны жою

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!